

## **Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында шетелдіктер үшін арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2024 жылғы 18 маусымдағы № 19/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 маусымда № 7766-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының  
төрағасы*

*К. Жангужин*